

**«Медициналық-санитариялық алғашқы көмек
көрсететін медициналық ұйымға тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің
паспорты**

Мемлекеттік орган	“Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы” мемлекеттік мекемесі
Қызмет алушы	жеке тұлғалар
Қызмет көрсету орыны	медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар (учаскелік терапевт/учаскелік педиатр/жалпы практика дәрігері) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді
Қызмет көрсету ақысы	тегін
Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
«Электрондық үкімет» портал арқылы қызмет көрсету	көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраныс. Көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға өтініш берген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, осы көрсетілетін қызметті берушіге бекітудің бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік ақпараттық жүйелерде портал арқылы уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.
Мемлекеттік орган арқылы қызмет көрсету	1) көрсетілетін қызметті берушіге: еркін нысандағы өтініш; сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат (он алты жасқа толмаған адамдар үшін – туу туралы куәлігі).
Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету	көрсетілмейді
Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	1) қағаз түріндегі (еркін нысанда) тіркеу туралы хабарлама (талон); 2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» № 272 бұйрығымен бекітілген «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электронды құжат нысаны.